

Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

*Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген
демеушілік көмектер бойынша
АНЫҚТАМА*

10.10.2025ж.

2025–2026 оқу жылының 01.08.2025 – 30.09.2025 аралығында өткізілген «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында Қамқоршылық кеңес пен мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен **демеушілер тарапынан әлеуметтік көмек көрсету** іс-шарасы өткізілді.

Бұл шараның басты мақсаты — аз қамтылған, көпбалалы және мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау, олардың тұрмыс жағдайын жеңілдету және балалардың мектеп өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасау.


Іс-шара барысында қамқоршылық кеңесі, мектеп әкімшілігі және алқалы орган мүшелерінің қатысуымен оқушылардың қажеттіліктері анықталды.

Акция барысында көмекті қажет ететін оқушыларға қамқорлық жасайтын мемлекеттік органдар мен ұйымдары тартылды.

Нақтысын айтсақ, Сарайшық аудан әкімдігі «GWM Nurly Zhol» ЖШС маркетинг менеджері, Асетов Шахназар Армияұлы мырза мен «Changan Nurly Zhol» ЖШС кеңсе менеджері Байзақ Назерке ханыммен бірлесе отырып, мектебіміздегі аз қамтылған **32** отбасы балаларына арнайы келіп демеушілік жасады.



Акцияға демеушілерді тарту жұмыстары қарқынды жүргізілді. Мектеп әкімшілігі атынан *Халық банк акционерлік қоғамының директоры Рахимова Жанар Амантаевнаға* «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебіміздегі аз қамтылған отбасы балаларына демеуші болу туралы сұраныс жіберіліп, нәтижесінде Халық банк ұйымы сұраныс хатты қанағаттандырды. Нәтижесінде **10** оқушыға оқу құралдары, мектеп сөмке сияқты материалдық көмек көрсетілді. Сонымен қатар **2** оқушыны Банк директоры өзінің атынан киіндірді.



Қайырымдылық көмектер *жергілікті кәсіпкерлер мен демеушілердің* қолдауымен ұйымдастырыла отырып **15** оқушыға тағы мектеп сөмкелер мен кеңсе құралдары табыс етілді.

Қамқоршылық кеңес төрайымы *Агабекова Л.Е және кеңес мүшесі Саматова Т.Қ демеушілігімен* тағы **12** бала мектепке қажет құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді.



Сонымен қатар «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Ақтайлақова Г.Н. **4** баланы мектеп жабдықтарымен, мектеп сөмкесімен қамтамасыз етті.



«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында аз қамтылған отбасылардан шыққан жалпы жиыны **75 бала** мектепке қажет құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Бұл игі іс-шара балалардың жаңа оқу жылын қуанышпен бастауына, мектепке деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ қоғамда мейірімділік пен қамқорлық мәдениетін дамытуға ықпал етті.

Көмек алушылар өз алғыстарын білдіріп, осындай игі шаралардың қоғамда жыл сайын жалғасып келе жатқанына ризашылықтарын айтты.

Шара әлеуметтік серіктестікті нығайтып, мектеп пен қоғам арасындағы ынтымақтастықты арттыруға ықпал етті.

Әлеуметтік педагог: *Кулжабекова Сая Ондасыновна*
87767061181